

Алғабас шағын орталықты орта мектебінің қамқоршылық кеңес отырысының

## Хаттамасы №2

Өрнек ауылы

30.09.2020 ж

Барлығы: 7

Қатысқаны: 0

Қатыспағаны: 0

### Күн тәртібінде:

1. Мектеп директоры Е. Рысқұловтың қамқоршылық кеңес мүшелерінің алдындағы есебі

**1. Тыңдалды:** Мектеп директоры Е. Ж. Рысқұловтың қамқоршылық кеңес мүшелерінің алдындағы есебі

**Сөйледі : 1.1** Е. Ж. Рысқұлов – мектеп директоры

Құрметті қамқоршылық кеңесінің мүшелері, кеңес отырысының қатысушылары еліміздегі ірі өзгерістер, қоғамдағы жаңалықтар білім ордаларында өз көрінісін тауып келеді. Тұғыры биік елеміздің ертеңінің бүгінгіденде жарқын болу рухы асқақ, еңсесі биік, білімді де білікті ұрпақ қолында осы талап үдерісінен шығып, адам бойындағы ізгілік атаулыны қалыптастыратын ұлтты тәрбиелеудің кепілі – мектеп. Мектептегі педагогикалық қызметтің білім берудің мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкестігін, мектептің одан ары дамуын қалыптастыру мақсатында- мектептің даму жоспары және 2020-2021 оқу жылына арналған жылдық жоспары жасалынды. Даму жоспарында алдағы 3 жылда қол жеткізетін индикаторлар: білім сапасы, педагог кадрлардың құрамын жақсарту, жас мамандарыды тәрбиелеу, мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту жұмыстары жоспарланып нақтыланды. Онда –жалпыға бірдей міндетті білім берудің орындалуы, педагог кадрлармен жұмыс, мектеп құжаттарын жүргізуді бақылау, оқушылардың білім білік дағдалары, оқу -материалдық база, пәндердің оқыту сапасын бақылау, құқық бұзушылықтың алдын алу, әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы отбасы балаларының әл-ауқатын арттыру, психологиялық көмек, оқушылардың тәрбиелік деңгейін жақсарту, бос уақытын ұйымдастыру, үйірме мен секциялардың, сыныптан тыс іс-шаралардың мазмұнын жақсарту қарастырылды.

Ол өз сөзінде Т.Рысқұлов аудан әкімдігінің білім бөлімі Жамбыл облыс әкімдігі білім басқармасының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі №01-4091 хатына сәйкес жаңа оқу жылының I тоқсанында орта білім беру ұйымдарын қамтамасыз етуге бюджеттен бөлінген қаржыны жұмсау бойынша 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі есебінде Алғабас шағын орталықты орта мектебінде 2020-2021 жаңа оқу жылында жалпы оқушы саны-359 оқушы қабылданғанын, Өрнек ауылдық әкімшілігінен алынған мәліметтер бойынша аз қамтылған отбасы-52 отбасы болса, олардың жалпы бала саны-129 оқушыны құрайтынын айтты. Оның ішінде көп балалы отбасы -39, ондағы бала саны -109, аз қамтылған отбасы-13, ондағы бала саны-20, АСП алатын отбасы-24, ондағы бала саны-57, күн көріс деңгейі төмен отбасы -24, ондағы бала саны-62, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған отбасы-1, ондағы бала саны-1.

2020-2021 оқу жылында бюджеттен бөлінген қаржыға мектепті безендіру, әрлеу жұмыстары, сонымен қатар мектептің бірінші қабатына ұлдар, қыздар әжетханасы салынды. Соған қоса аталған оқу жылына көп балалы, аз қамтылған, күн көріс деңгейі төмен отбасы балаларына эпидемиологиялық жағдайға байланысты мектептен берілетін бір мезгіл ыстық тамақтан орнына жоғарыда аталған отбасылардың бала басына мемлекеттік бюджет есебінен ақшалай көмек көрсетілді.







Бүгінгі күн атқарылып жатқан жұмыстар осы. Алдағы уақытта оқу –тәрбие үрдісіндегі жоспарлы іс-шараларымызды қарқынды жалғастырамыз. Мектептік материалдық-техникалық базасы жыл сайын жақсарып келеді. Заман талабына сай ақпараттық технологияларды пайдалануға ерекше мән беріліп отыр. Кітапхана қоры жеткілікті. Жаңа оқу жылына алған міндеттердің ішінде ата-анамен жұмыс деңгейін жаңа сатыға көтеру мәселесі қойылды. Оқушы – еліміздің келешегі, ертеңі. Сондықтан олардың бойындағы болашаққа сенім, үміт, оптимистік көзқарас ұялату- баршамыздың парызымыз.

**Сөйледі: 1.2 .Тағыбаева К. – қамқоршылық кеңес төрайымы**

Ол өз сөзінде мекеме басшысының есебін растай отыра жоғарыда аталған көп балалы, аз қамтылған, ата-ана қамқорлығынсыз қалған, күн көріс деңгейі төмен отбасыларының әр бала басына бюджет есебінен бір мезгіл ыстық тамақ орнына 25000 теңге ақшалай қаражат ата-аналарының жеке банк шоттарына аударылғанын айтты. Ол қаражатқа ата-аналар балаларына қажетті киім-кешектерін, оқу –құралдарын алып, ата-аналар тарапынан разылықтарын жолдады.

## Шешім

1. Мектеп директорының қамқоршылық кеңес алдындағы есебі қанағаттанарлық деп табылсын.

1. К.Тағыбаева  қамқоршылық кеңес төрайымы
2. М.Жорақұлов  кеңес мүшесі
3. С.Төреқұлова  кеңес мүшесі
4. А.Нұрходжаева  кеңес мүшесі
5. Г.Қонақбаева  кеңес мүшесі
6. А.Махамбетов  кеңес мүшесі
7. М.Сериков  кеңес мүшесі

